Неисполнение в установленный срок уведомления об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля, влечет приостановление расходных операций по кодам и счетам объектов государственного аудита, открытых в центральном уполномоченном органе по исполнению бюджета, а также банковским счетам (за исключением корреспондентских) объектов государственного аудита в соответствии с пунктом 1 статьи 32 Закона, а также административную ответственность должностных лиц в соответствии с частью 3 статьи 462 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях».

В соответствии со статьей 60 Закона действия (бездействие) органов государственного аудита и финансового контроля и (или) их должностных лиц могут быть обжалованы в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

Приложение с описанием выявленных нарушений прилагается к уведомлению.

заместитель руководителя
Тултебаев Талгат Айтмаханбетович

Приложение
к уведомлению об устранении нарушений,
выявленных по результатам камерального
контроля

Мной, Сотрудник РГУ "Департамент внутреннего государственного аудита по Южно-Казахстанской области Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан" Ажибеков Оспан Данияpулы в соответствии со статьей 30 Закона Республики Казахстан от 12.11.2015 года «О государственном аудите и финансовом контроле» проведен камеральный контроль № объявления: 2613808-1 «Строительство учебного корпуса на 300 мест к школе №61 им.Титова в селе Аксукент Сайрамского района» № лота 19637064-ОК1 Работы по возведению (строительству) нежилых зданий/сооружений на основании жалобы посредством веб-портала государственных закупок.
По результатам камерального контроля установлено(-ы) следующее(-ие) нарушение(-я):
1. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің жетекші маманы О.Ажибеков «Сайрам аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (БСН 060240005701, ОҚО, Ақсу ауылы, Жібек Жолы көш, 95) 2018 жылдың 23 мамырында веб-порталға жариялаған №2613808-1 «Сайрам ауданы, Ақсукент ауылындағы №61 Титов атындағы мектебіне 300 орындық оқу корпусының құрылысы» хабарландыруы бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы ақпаратты жинау, қорыту, талдау, жүйелеу және бағалау негізінде осы мемлекеттік сатып алуларға камералдық бақылау жұмыстарын жүргіздім. Камералдық бақылау жұмыстарын – конкурстық құжаттамға конкурсқа қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге қойылған біліктілік талаптарының және конкурстық комиссия тарапынан әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін бағалаудың негізділігінің, ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (әрі қарай – Қағидалар) талаптары негізінде төмендегілерді анықтадым: Конкурсқа қатысуға 8 әлеуетті өнім берушілер: «ӨМІРЗАҚ» ЖШС; «Корпорация «Сити-Строй» ЖШС; «Сабина-Ырыс» ЖШС; «Агат» ЖШС; «ЕЛ ҚҰРЫЛЫС ТОБЫ» ЖШС; «НАЗАР» ЖШС; «ПромСтройМонтаж-ПВ» ЖШС; «Астана-питомник 2002» ЖШС-нен конкурстық өтінімдер түсіп, конкурстық комиссия олардың конкурстық өтінімдерінің біліктілік және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін алдын ала қарап, барлық әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдері біліктілік талаптарына сай емес деп таныған. Ол жөнінде 18.06.2018 жылы №2613808-ОК1 алдын ала рұқсат беру туралы хаттамасын түзіп, веб-порталда қалыптастырған. Конкурстық комиссияның 04.07.2018 жылғы №2613808-ОК1 қорытындылар туралы хаттамасымен алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген ескертулерді ретке келтіру құқығын 6 әлеуетті өнім берушілер пайдаланып, әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін конкурсқа қатысуға рұқсат берілмей, конкурсқа қатысуға бір әлеуетті өнім беруші «ЕЛ ҚҰРЫЛЫС ТОБЫ» ЖШС-гі рұқсат берілуіне байланысты конкурс өтпеді деп танылған. Камералдық бақылау барысында анықталғаны: Заңның 9 бабы 5 тармағына сәйкес, жұмыс тәжірибесінің болуы туралы біліктілік талаптары белгіленген. Осы баптың 3 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады. Қағиданың 442 тармағының 2 тармақшасына сәйкес, егер конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алуға бөлінген қаржы тиісті қаржы жылына белгіленген екі жүз мың еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен асатын болса, бес жылға дейін белгіленуі мүмкін делінген. Алайда, камералдық бақылау барысында конкурстық комиссия тарапынан конкурстық құжаттамның 1 қосымшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесінің болуына 2 жыл талап етілудің орнына негізсіз 5 жыл талап етілгені анықталды. Себебі, осы конкурс бойынша бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген екі жүз мың еселенген айлық есептік

көрсеткіш мөлшеріне жетпейтіндігі анықталды. 1. Конкурстық комиссия Қағиданың 150 тармағының талаптарын сақтамай әлеуетті өнім беруші «ЕЛ ҚҰРЫЛЫС ТОБЫ» ЖШС-нің конкурстық өтінімін конкурсқа жіберуге негізсіз шешім қабылдаған. Себебі, Қағиданың 382 тармағы 2-тармақшасының 1 және 2 абзацтарында «Консорциум конкурсқа қатысқан жағдайда конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды есептеу консорциялық келісімде айқындалған консорциум қатысушыларының біріне қатысты қолданылады. Бұл ретте шарт конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарт қолданылған консорциумның қатысушысымен жасалады» делінген. Алайда, «ЕЛ ҚҰРЫЛЫС ТОБЫ» ЖШС-гі бірлесіп жұмыс істеу мақсатында әлеуетті өнім беруші «Жана Арна Курылыс» ЖШС-мен 04.06.2018 жылы консорциумдық келісім түзген. Консорциялық келісімде өлшемшарттарды есептеу айқындалған консорциум мүшесі «Жана Арна Курылыс» ЖШС-нің жұмыс тәжірбиесіне қатысты баллдары есептелген жағдайда осы әлеуеті өнім берушімен келісім шартқа тұрудың орнына әлеуетті өнім беруші «ЕЛ ҚҰРЫЛЫС ТОБЫ» ЖШС-мен келісім шартқа тұрады деп консорциумның 4.1 тармағында көрсетілген. Яғни, «ЕЛ ҚҰРЫЛЫС ТОБЫ» ЖШС-нің атқарған жұмыс тәжірибесін конкурстық комиссия дұрыс есептемеген. Қағиданың 442 тармағының 1 тармақшасының талабына сәйкес «Егер конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алуға бөлінген қаржы тиісті қаржы жылына белгіленген елу мың еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен асатын болса, екі жылға дейін айқындалады» делінген. Бұл жағдайда, әлеуетті өнім беруші 2 жылдық жұмыс өтілінің болуы туралы біліктілік талаптарына сай болуы тиіс. Алайда, осы талаптар сақталмай әлеуетті өнім берушінің өтінімін конкурсқа қатысуға жіберу туралы негізсіз шешім қабылдаған. Сонымен қатар, консорциум мүшесі «Жана Арна Курылыс» ЖШС-нің конкурстық өтініміне қатысты келесідей анық емес (недостоверная информация) ақпарат беру фактісі анықталды. Атап айтқанда: 2013 жылғы – «ОҚО Созақ ауданы Тасты ауылындағы Абай атындағы 300 оқушы орындық мектеп құрылысы». 2014 жылғы – «ОҚО Созақ ауданы Таукент кентінің Жыныс бөлімшесіндегі 80 орынға арналған балабақша құрылысы» Қағиданың 5-қосымшасы болып табылатын біліктілігі туралы мәліметтерінде жоғарыда корсетілген жұмыстарды «Жана Арна Курылыс» ЖШС-гі бас мердігер ретінде орындағаны жөнінде көрсетілген. Алайда, камералдық бақылау барысында жоғарыда корсетілген жұмыстарды әлеуетті өнім беруші «Жана Арна Курылыс» ЖШС-гі емес «Жаңа Арна 2002» ЖШС-гі орындағаны анықталды. Заңның 11 бабының 2 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші ұсынатын ақпараттың анықтығын уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез-келген сатысында анықтай алады. Осыған байланысты, әлеуетті өнім беруші – «ЕЛ ҚҰРЫЛЫС ТОБЫ» ЖШС-нің конкурстық өтінімі, анық емес ақпарат ұсыну фактысы бойынша Заңның 10 бабының 1 тармағы 3) тармақшасының негізінде, біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылып, Қағиданың 150 тармағының 1) тармақшасына сәйкес конкурстан шеттетілуі тиіс. Алайда, осы талаптар сақталмай әлеуетті өнім берушінің өтінімін конкурсқа қатысуға жіберу туралы негізсіз шешім қабылдаған. 2. «Корпорация «Сити-Строй» ЖШС-нің конкурстық өтінімін «Несоответствие квалификационным требованиям на основании информации, содержащейся в документах, предоставленных потенциальным поставщиком для подтверждения его соответствия квалификационным требованиям: - несоответствие потенциального поставщика квалификационным требованиям в части обладания опытом работы на рынке закупаемых товаров, работ, услуг, наличие которых установлено в конкурсной документации.;» деген себептермен конкурстан шеттеуге шешім қабылдаған. Қағиданың 5 қосымшасы болып табылатын біліктілігі туралы мәліметтерінің ескертпесінің 3 тармағына сәйкес егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады делінген. Алайда, камералдық бақылау барысында әлеуетті өнім беруші «Корпорация «Сити-Строй» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде конкурстық құжаттамада талап етілген жауапкершілік

деңгейі II санаттағы техникалық қиын емес нысан бойынша жұмыс тәжірибесі 2 жылға жетпейтіндігі анықталды. Себебі, әлеуетті өнім беруші «Корпорация «Сити-Строй» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде ұсынылған 2011, 2012, 2013 және 2016 жылдары орындаған жұмыстарының жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылатын орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері келісім шартқа сәйкес толық ұсынылмағандығы анықталды. 3. «ӨМІРЗАҚ» ЖШС-нің конкустық өтінімін «Установление факта представления недостоверной информации по квалификационным требованиям, установление факта представления недостоверных сведений по документам, представленным в конкурсной заявке: Потенциальный поставщик в приложении 5 конкурной документации указывает выполненные субподрядные работы в 2008-2009 годах по объекту строительства школы на 1200 мест учащимся в кенте Айтеке би Казалинского района Кызылординской области, генеральным подрядчиком которого выступал ТОО «Жабдыктау». Однако, в приложении государственной приемочной комиссии приложения 4 от 29 августа 2009 года, в заключении рабочей комиссии о готовности построенного объекта для предъявления государственной приемочной комиссии от 19 августа 2009 года в составе субподрядных организации ТОО «Умирзак» отсутствует (письмо ГУ «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Казалинского района» от 30 июня 2018 года №02/1-6/66).;» деген себептермен конкурстан шеттеуге шешім қабылдаған. Қағиданың 5-қосымшасы болып табылатын біліктілігі туралы мәліметтерінің ескертпесінің 3 тармағына сәй, «Егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады. Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі бар болған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері, не осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасы туралы қорытындыны немесе орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытынды немесе сәйкестік туралы декларация ұсынады» делінген. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінен (әрі қарай – Комитет) 10.07.2018 жылғы №КВГА-5-13-ЮЛ-Д-2644-КВГА-6205 санды хаты негізінде әлеуетті өнім беруші «ӨМІРЗАҚ» ЖШС-нің конкурстық өтінімі конкурстан негізсіз шеттетілгені анықталды. 4. «Сабина-Ырыс» ЖШС-нің конкустық өтінімін «Несоответствие квалификационным требованиям на основании информации, содержащейся в документах, предоставленных потенциальным поставщиком для подтверждения его соответствия квалификационным требованиям: - несоответствие потенциального поставщика квалификационным требованиям в части обладания опытом работы на рынке закупаемых товаров, работ, услуг, наличие которых установлено в конкурсной документации. После приведения потенциальным поставщиком заявки в соответствие квалификационным требованиям и требованиям конкурсной документации, во вновь представленных актах выполненных работ (Ф3,Ф2) привлекаемого участника консорциума ТОО "Областной штаб ССО" (согласно условий консорциального соглашения б/н от 06.05.2018 года учитывается опыт работ для расчета условных скидок ТОО "Областной штаб ССО") за май, июнь, август 2010 года, касаемо "Строительства учебного корпуса на 6 классов средней школы им. К. Рустемова в с. Сызган Созакского района ЮКО" не верно указаны наименование заказчика, кроме того подпись первого руководителя заказчика в акте приемки государственной комиссии и всех актах выполненных работ (Ф3,Ф2) за 2010 год различаются, тоесть подписи разных людей, в следствие чего опыт работ за 2010 год. В нарушение требовании п.18 статьи 3. Правил Г.З. (Электронные копии документов, содержащиеся в заявке на участие в конкурсе, должны быть четкими и разборчивыми, независимо от цвета изображения.), а в акте выполненных работ (Ф2) за май 2010 года не видны или отсутствуют печать и подпись заказчика, не видны или отсутствуют печать технического надзора.;» деген себептермен конкурстан шеттеуге шешім

қабылдаған. Конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасының 6 тармағына сәйкес «Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі бар болған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері, не осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасы туралы қорытындыны немесе орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытынды немесе сәйкестік туралы декларация ұсынады.» делінген. Әлеуетті өнім беруші «Областной Штаб ССО» ЖШС-нің жұмыс тәжірибесі ретінде 2016 жылғы «ОҚО, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Абай е/м 150 орындық орта мектеп құрылысы» нысанындағы бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі, 2015 жылғы «ОҚО, Төлеби ауданы, Ленгер қаласы Қазығұрт шағын ауданы, Қапал батыр көшесінде орналасқан 280 орындық балабақша құрылысы» (ҚР 280 ТЖ ОДВО IIIВ-2.2-2012 типтік жобаны байлау), 2013 жылғы «Созақ ауданы, Созақ ауылындағы 400 келушілерге арналған клубтың құрылысы», 2011 жылғы «ОҚО, Созақ ауданы, Сызған ауылы, Басбұлақ бөлімшесіндегі 4 сыныпқа арналған бастауыш жалпы білім беретін мектептің құрылысы» және 2010 жылғы «ОҚО, Созақ ауданы, Сызған бөлімшесіндегі 198 оқушыға арналған орта мектептің құрылысы» нысанындағы бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі негізге алынбаған. Яғни, Қағиданың 150 тармағының талаптары сақталмаған. Сонымен қатар, Қағиданың 155 тармағының талабына сәйкес, Егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер конкурстың нысанасы құрылыспен байланысты емес жұмыстар болып табылған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстардың түрлеріне ұқсас (сондай) келесі орындалған әрбір жұмыс үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері он пайыздан аспайды. Жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады. Қағиданың 382 тармағының талабына сәйкес Заңды тұлғалардың уақытша бірлестіктері (консорциум) мемлекеттік сатып алуға қатысқан жағдайда, осы консорциумның қатысушылары болып табылатын заңды тұлғалар өз біліктілік талаптарын растау үшін осы Қағидаларда белгіленген құжаттармен қатар мынадай құжаттардың электрондық көшірмелерін, не электрондық құжаттарды ұсынуға тиіс: 1) заңды тұлғалардың мүшелері арасында жасалған бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарт (консорциялық келісім); 2) бірлескен шаруашылық қызмет туралы шартта көзделген қызмет ббөлігінде тауарларды ұсыну, жұмыстарды орындау, қызмет көрсету құқығына лицензия. Консорциум конкурсқа қатысқан жағдайда конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды есептеу консорциялық келісімде айқындалған консорциум қатысушыларының біріне қатысты қолданылады. Бұл ретте шарт конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарт қолданылған консорциумның қатысушысымен жасалады. Әлеуетті өнімберуші "Сабина-Ырыс" ЖШС-нің конкурстық өтінімінде 06.05.2018 жылғы "Сабина-Ырыс" ЖШС-мен «Областной Штаб ССО» ЖШС-ның арасындағы консорциумдық келісім ұсынылған. Осы ұсынылған консорциумдық келісімнің 2.4 тармағына сәйкес «Екі жақты келісімге сәйкес

сатып алынатын жұмыс нарығындағы жұмыс тәжірибесі бойынша шартты жеңілдікті есептеу кезінде (2 жақтың) жұмыс тәжірибесі есептелінеді» делінген. Консорциумға сәйкес 2 жақ ретінде «Областной Штаб ССО» ЖШС танылған. Сондықтан шартты жеңілдік есептеу барысында консорциумдық келісімді негізге алу қажет. 5. «НАЗАР» ЖШС-нің конкустық өтінімін «В нарушение пп.3) п.38 утвержденной конкурсной документации и правил осуществления государственных закупок от 11.12.2015 года №648, потенциальный поставщик внес обеспечение заявки на участие в конкурсе в размере менее одного процента от суммы, выделенной на конкурс.; В нарушение пп.1) п.150 Правил осуществления государственных закупок от 11.12.2015 года №648, отсутствие разрешений (уведомлений), полученных (направленных) в соответствии с законодательством РК о разрешениях и уведомлениях, а именно: отсутствует лицензия на -Специальные работы в грунтах, в том числе: Буровые работы в грунте. -Специальные строительные и монтажные работы по прокладке линейных сооружений, включающие капитальный ремонт и реконструкцию, в том числе: Общереспубликанских и международных линий связи и телекоммуникаций, Магистральных линий электропередач с напряжением до 35 кВ и до 110 кВ и выше, Стальных резервуаров (емкостей), включая работающих под давлением либо предназначенных для хранения взрывопожароопасных или иных опасных (вредных) жидких или газообразных веществ. - Возведение несущих и (или) ограждающих конструкций зданий и сооружений (в том числе мостов, транспортных эстакад, тоннелей и путепроводов, иных искусственных строений), включающее капитальный ремонт и реконструкцию объектов, в том числе: Монтаж строительных конструкций подъемных сооружений (лифтов, эскалаторов, шахтных копров и подъемников, канатных дорог и других конструкций подъемных сооружений). -Монтаж технологического оборудования, пусконаладочные работы, связанные с: Объектами театрально-зрелищного, образовательного, спортивного назначения, Производством строительных материалов, изделий и конструкций. - Устройство инженерных сетей и систем, включающее капитальный ремонт и реконструкцию, в том числе: Сетей газоснабжения высокого и среднего давления, бытового и производственного газоснабжения низкого давления, внутренних систем газоснабжения.; В п.5 электронно заполняемой сведений о квалификации потенциального поставщика нет информации о наличии соответствующего разрешения (лицензии), выданного в соответствии с законодательством Республики Казахстан о разрешениях и уведомлениях. Несоответствие квалификационным требованиям на основании информации, содержащейся в документах, предоставленных потенциальным поставщиком для подтверждения его соответствия квалификационным требованиям: - несоответствие потенциального поставщика квалификационным требованиям в части обладания опытом работы на рынке закупаемых товаров, работ, услуг, наличие которых установлено в конкурсной документации. ;» деген себептермен конкурстан шеттеуге шешім қабылдаған. Қағиданың 85-1 тармағына сәйкес, тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі. Құрылыс жұмыстары (жаңа құрылыс, бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу) бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, техникалық-экономикалық негіздеме, жобалау-сметалық құжаттама және қала құрылысы жобаларын әзірлеу кезінде әлеуетті өнім берушілердің материалдық және еңбек ресурстарының болуын растайтын құжат Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсат (лицензия) болып табылады. Қағиданың 5-қосымшасы болып табылатын біліктілігі туралы мәліметінің 5 тармағында «Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде олар туралы мәлімет болмаған жағдайда, рұқсаттың (лицензия) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, рұқсаттар және хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген рұқсаттың (лицензия) бар екені туралы мәліметтер» әлеуетті өнім беруші жұмысты сатып алу кезінде толтырады делінген. Алайда, камералдық бақылау барысында «НАЗАР» ЖШС-нің конкурсқа өтінген өтінімінде

конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасы болып табылатын біліктілік туралы мәліметтері сәйкес ұсынылмаған. Яғни, Рұқсат (лицензия) атауы, Қызмет түрі, Ерекше шарттар (санаты) және Құжаттың берілген күні мен нөмірі толтырылмағандығы анықталды. Сонымен қатар, осы конкурс бойынша атқарылатын жұмыстың жобалау-сметалық құжаттамасына жүргізілген сараптама қорытындысына сай, салынатын нысанның Телефондандыру (Телефонизация) және Көтергіш құрылғылардың лицензияланатын қызмет түрі көрсетілген. Алайда, әлеуетті өнім беруші «НАЗАР» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде 02.05.2001 жылғы ГСЛ №004441 Құрылыс-монтаж жұмыстарына айналысуға I санатты мемлекеттік лицензиясы ұсынылған. Аталған мемлекеттік лицензияның қосымшасында лицензияланатын қызмет түрінің кіші қызметтерінде – «Байланыс пен телекоммуникация» және «Көтергіш құрылғылардың (лифтілердің, эскалаторлардың, шахта тоқпақтары мен көтергіштерінің, аспалы жолдар мен басқа да көтергіш құрылғылар конструкцияларын) құрылыс конструкцияларын монтаждау» лицензияланатын қызмет түрлерінің жоқтығы анықталды. Нәтижесінде, Қағидалардың 150 тармағы Заңның 4 бабының 3 тармағы және 27 бабының 6 тармағының талаптары сақталмай әлеуетті өнім берушілер: «ӨМІРЗАҚ» ЖШС; «Сабина-Ырыс» ЖШС-нің конкурстық өтінімдері негізсіз шеттетілген. Жоғарыда аталған кемшіліктерді ескере отырып №2613808-1 «Сайрам ауданы, Ақсукент ауылындағы №61 Титов атындағы мектебіне 300 орындық оқу корпусының құрылысы» ашық конкурсы бойынша орын алған Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының бұзушылықтарын жою шараларын қабылдап, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін заңнама талаптарына сәйкестендіру қажеттігін хабарлаймын. Қабылданған шаралар жөнінде 10 жұмыс күні ішінде Департаментті тиісті түрде хабардар етуіңізді сұраймыз.

По результатам камерального контроля, установлены нарушения, подпадающие под профиля рисков камерального контроля:

Профиль риска №5, Профиль риска №6

На основании вышеизложенного, выявленные нарушения подлежат устранению в соответствии с приложением 2 Правил.